

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО  
ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER  
TRAINING UNIVERSITY**

**№6 (54) 2014**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАБАРШЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ВЕСТНИК  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY  
BULLETIN  
SCIENTIFIC JOURNAL

№6 (54)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

**Бас редактор**

Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

**Бас редактордың орынбасары**

Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

**Редакциялық алқа**

Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)

Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)

Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)

Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор

Сәтімбеков Р.С. - профессор

Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.

Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).

Лазерев В.А. – п.ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).

Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).

Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор

Құлбек М.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор

Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор

Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)

Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)

Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)

Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор

Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.

Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)

Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)

Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)

Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)

Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)  
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)  
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор  
Бапаева М.К. – п.ғ.к., доцент  
Сұлтанова Р. – Азияттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)  
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)  
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор  
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

#### **Редакциялық кеңес**

Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.  
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.  
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент  
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент  
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент  
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор  
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).  
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор  
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).  
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).  
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор  
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор  
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор  
Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор  
Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор м.а.  
Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент  
Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент  
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент  
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.  
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент  
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор  
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент  
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент  
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент  
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.  
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор  
Шаталина В.В.-п.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)  
Шеръязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор  
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент  
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент  
Бейсенова Ж.Ж.– п.ғ.к., аға оқытушы  
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент  
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор  
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)  
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент  
**Жауапты редактор-**Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.  
**Редакторлар** Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.  
**Корректор** Маханбетова С.Е. – магистр

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – TABLE OF CONTENTS

### ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

<i>Құрманбаева М.С., Абдукадирова Ж.А., Альмерекова Ш.С.</i> АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНЫҢ СОЯ (МАЙБҰРШАҚ) ӨСІМДІГІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ӘСЕРІ.....	5
<i>Матаев М.М., Абдраманова Ш.С.</i> ХИМИЯЛЫҚ ТЕРМОДИНАМИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘСІЛДЕМЕСІ.....	9
<i>Меңліғазиев Е.Ж., Жайлаубек Г.</i> ТЕРМОПЛАСТЫ ПОЛИМЕРЛЕР НЕГІЗІНДЕГІ ЖЕЛІМДЕР.....	13
<i>Nurbekova M.A., Torebekov O.T., Dzhumadilov T.K.</i> STUDY OF POLYETHYLENE MOLECULAR COMPLEXES (M = 15,000 ) SODIUM TETRAPHENYLBORATE FROM A NUMBER OF APROTIC SOLVENTS.....	21

### ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА

### PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE

<i>Ершина А.Қ., Шақарбекқызы А.</i> ХЕППІЛЕР ВИСКОЗИМЕТРІНІҢ КӨМЕГІМЕН СҮЙІҚТЫҢ ТҮТҚЫРЛЫҒЫН АНЫҚТАУ.....	24
<i>Сыдықов А.А., Сұлтанғазиева Ж.Б.</i> ЕКІНШІ РЕТТІ КЕРІ МАТРИЦАНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН АНЫҚТАУДЫҢ КЕЙБІР ТӘСІЛДЕРІ.....	29

### ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

<i>Rysbekkyzy N.</i> THE ROLE OF STUDENTS` SELF – STUDYING WORK IN THE EDUCATIONAL PROCESS.....	32
<i>Soltanmuratova G.M., Satimbekova S.A.</i> MODERN TEACHING METHODS OF TEACHING FOREIGN LANGUAGES.....	36

### ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО

### HISTORY, ECONOMY AND LAW

<i>Маханова Г.М.</i> ЗНАНИЕ – КАК ОСНОВА ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА.....	41
<i>Отарова Zh.K.</i> DISSENSIONS IN MARRIAGE-FAMILY RELATIONSHIPS: CAUSES OF ITS ORIGIN, CONSEQUENCES AND ADVOCACY.....	44
<i>Charginova G.</i> HISTORICAL ROLE AND VIEWS OF ALIKHAN BUKEYKHANOV.....	47

### ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

<i>Баймұлдина Н., Авдарсолұлы М.</i> ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТА АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ.....	51
<i>Левченко Т.А.</i> ФОРМИРОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТВОРЧЕСТВА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	55
<i>Омарбекова Ш.О., Абилова Г.А.</i> ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	59
<i>Tursynbayeva K.Zh.</i> RECOGNIZING DIVERGENT THINKING AT STUDENTS AS INDICATOR FOR CREATIVITY.....	62
<i>Шайжанова Қ.Ү.</i> ТІЛ МЕН ОЙЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ МӘНІ.....	65

### ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ - ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА

### ART AND CULTURE

<i>Туменова С.М., Касымбекова А.А.</i> СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВА В ПРЕДВОЕННЫЕ ГОДЫ.....	69
<i>Turgymbaeva B.D.</i> THE DEVELOPMENT OF MODERN CHOREOGRAPHY IN KAZAKHSTAN.....	73
<i>Уразалиева М.А.</i> ОСОБЕННОСТИ МУЗЫКАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ С ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫМИ НАРУШЕНИЯМИ РАЗВИТИЯ.....	78

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

ӘОЖ 34.01.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНЫҢ СОЯ (МАЙБҰРШАҚ) ӨСІМДІГІНІҢ  
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ӘСЕРІ

*Құрманбаева М.С., б.ғ.д., профессор м.а.  
Абдукадирова Ж.А., PhD докторант  
Альмерекова Ш.С., оқытушы  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Соя (май бұршақ) дүниежүзілік егін шаруашылығында ең кеңінен таралған, құнды, химиялық құрамы жағынан айрықша ерекшеленетін, өнеркәсіпте және ауылшаруашылығында жан-жақты пайдаланылатын дәнді бұршақ дақылы. Минералдық, органикалық, биологиялық белсенді заттарының бірегей құрамы, олардың функциялық қасиеттері дақылды көпқырлы және жан-жақты пайдалануын күшейтеді. Зертханалық жағдайда фенологиялық бақылау нәтижесінде сояның Вилана сорты өсу жылдамдығы 90%, өну қарқындылығы 85% болатындығы байқалды. Морфологиялық құрылысын зерттеу барысында, Вилана сортында жапырақ үшқұлақты ортаңғы жапырағы ірілеу болып келген, екі шеткі жапырағының көлемі бірдей болатындығы айқындалды. Сабақтың морфологиялық құрылысын зерттеу барысында сабақ қырлары әр өсімдікте әр түрлі болып келген. Сабақ, жапырақтар және бұршаққаптар түкті болып келген. Анатомиялық құрылысын зерттеу үшін гүлдеу кезеңінің маңызы зор, сондықтан фиксация жасалынып, анатомиялық құрылысы толық жан-жақты зерттелді.

**Түйін сөздер:** Соя (майбұршақ), морфометрия, жапырақ, морфология, өнімділік.

**Зерттеудің өзектілігі:** Соя (май бұршақ) дүниежүзілік егін шаруашылығында ең кеңінен таралған, құнды, химиялық құрамы жағынан айрықша ерекшеленетін, өнеркәсіпте және ауылшаруашылығында жан-жақты пайдаланылатын дәнді бұршақ дақылы. Минералдық, органикалық, биологиялық белсенді заттарының бірегей құрамы, олардың функциялық қасиеттері дақылды көпқырлы және жан-жақты пайдалануын күшейтеді. Қазақстанда май бұршақ ақ уызын өндіру үшін шикізат алудың резервтері шектеусіз. Әсіресе, республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтарындағы суармалы жерлерде май бұршақ жоғары және тұрақты өнім береді [1-7]. Қазақстанда 1,5 миллион га дейін таза егін алуға барлық мүмкіндіктер бар. Май бұршақ селекциясының өзекті мәселелерін табысты шешу және арнайы бағыт жолымен ауылшаруашылығында жаңа сорт шығару үшін морфо-анатомиялық және ауылшаруашылық құнды белгілерінің өзгергіштігін зерттеу аса маңызды мәселенің бірі.

Соя өсімдігін елімізде кеңінен өсіру жүзеге асуына байланысты, зерттеу жұмысының мақсаты: Алматы облысы жағдайында өсірілген соя өсімдігінің онтогенезінде морфологиялық, анатомиялық құрылысының өнімділігіне әсерін зерттеу.

**Зерттеу объектісі (нысанасы):** Қазақстанның оңтүстік-шығысында өсірілген соя өсімдігінің Вилана сорты.

**Зерттеу әдістері:** Өсімдіктің өсуіне және дамуына фенологиялық бақылаулар тәжірибенің барлық варианттарында зертханалық және егістік жағдайында жүргізілді. Өсімдіктің өсуіне және дамуына фенологиялық бақылаулар тәжірибенің зертханалық жағдайында жүргізілді. Тұқымды еккен күннен өскіндер толық өніп шыққан кезге дейін зертханалық жағдайда фенобақылау жүргізілді. Мемлекеттік ауылшаруашылық дақылдарының сорттарын сынау әдісі бойынша өсімдіктің бастапқы (өніп шығу) фазасынан соңғы (пісіп жетілу) фенологиялық фазасына дейін зерттеу жүргізілді. Өсімдіктің орналасу тығыздығы әрбір вариант бойынша жалпы ауданы 1 м<sup>2</sup> болатын тұрақты бөліктерде

есептелінді. Өскіндер толық өніп шыққан кезде танаптық өнімділігіне есеп жүргізілді. Биомассасының өсу динамикасын өсімдіктің даму фазаларынан анықталды. Зертханалық жағдайда және микробөлікте өсірілген соя сорты күнделікті морфологиялық көрсеткіштері өлшеніп, фотосуретке түсіріліп отырылды. Анатомиялық зерттеулер үшін Страсбургер-Флемминг әдісі бойынша фиксация әрбір варианттан 15 өсімдікке жасалынды. Өлшемдер мен микрофотографиялар видео микроскоп Micros Австрия MCX100 камерасы 519 CU5.0M CMOS арқылы жасалынды. Уақытша препараттар глицеринде бекітілді. Анатомиялық кесінділер қалыңдығы 10-15 мкм. 100 ге жуық уақытша препараттар жасалынып, биометриялық талдау жүргізіліп микрофотографиялар жасалынды. Морфометрикалық талдауларға статистикалық өңдеу Лакин Г.Ф. бойынша жүргізілді [8].

*Зерттеу нәтижелері:* Вилана сортының тұқымын Петри табақшасына егу нәтижесінде майбұршақ егілгеннен кейін өзгеріске тез ұшырайтындығы байқалды. Тұқым қабықшасы суланғаннан кейін 3-5 минут ішінде жиырыла бастайды. Ертеңінде суды сіңіргеннен кейін ісіне бастайтыны айқындалды және ісінгендіктен тұқым қабықшасының жиырылғаны қайта жазылды. 2-ші тәулікте Майбұршақ өсімдігі жылу сүйгіш өсімдік екені анықталды. Өйткені, майбұршақ тұқымын зертханалық жағдайда зерттеу барысында, бөлме температурасы төмен болған жағдайда Петри табақшасында егілген тұқым суды сіңірмейтіні дәлел. 3-ші тәулікте ұрықтық тамыр шыға бастады. Вилана сортында әрбір Петри табақшасында 10 тұқымнан 1 тұқым өнбей қалды. Вилана сорты тұқымдарының өсу жылдамдығы 90% болғандығы айқындалды. Вилана сортында өну қарқындылығы 85%. Зерттеуге алынған Вилана сорты тұқымының орташа ұзындығы  $15,4 \pm 0,7$  мм; тұқымның ені  $8,2 \pm 1,1$  мм; Вилана сорты тұқымдарының 50% -ы 2 тәуліктен соң өне бастады, ұрықтық тамырының орташа ұзындығы  $11,2 \pm 0,5$  мм болды. 3-ші тәулікте өнген тұқымның тамырының орташа ұзындығы  $27 \pm 0,8$  мм, ені  $10 \pm 0,7$  мм. Петри табақшасына егілген сояның зертханалық жағдайда өсуі 1-сурет.



Сурет 1– Соя өсімдігінің зертхана жағдайындағы өну қарқындылығы

Вилана сорты егістік жағдайында микробөліктерге 24.05.2013 жылы егілді. Күнделікті фенобақылау жасалынды, фотосуретке түсіріліп отырды. 1 кестеде алты өсімдіктің салыстырмалы ұзындығы, тамырдың және жапырақтың ұзындығы берілген. 2- суретте морфологиялық көрінісі бейнеленген.



Сурет 2 – Егістік жағдайында соя өсімдігінің өну қарқындылығы



Күнделікті фенобақылау нәтижесі егістік жағдайында да соя өсімдігінің қарқындылығы жоғары көрсеткішті көрсететінін айқындадық, өну жылдамдығы 100%, өну қарқындығы 90 пайызды көрсетті. 3-ші көріністен Вилана сорты өсімдіктерінің қаулап жақсы дамитындығын бақыладық.



Сурет 3 – Вилана сортының морфологиялық көрінісі

Зерттеуге алынған 6 өсімдік жиналып 3 қайталанымда морфометрикалық көрсеткіштеріне талдау жүргізілді, зерттеу барысы 4-суретте бейнеленген.



Сурет 4 – Вилана сортына морфологиялық талдаудың тәжірибе барысы

Зерттеу нәтижесі 1 кестеде берілген, алты өсімдіктің салыстырмалы биіктігі, тамырдың және жапырақтың ұзындығы. 45 күн ішінде өсімдіктің ұзындығы өзгерісі гүлдеу кезеңінде келтірілген. Өсімдіктің биіктігі 59-71см аралығында ауытқыса, сабақ ұзындығы 11-18 см аралығында, тамыр ұзындығы 29-34 см аралығында, айта кететін жайт, тамырдың нақты ұзындығы емес екенін дәлелдей алмаймыз, бірақ біз жинаған өсімдіктердің тамырының орташа ұзындығы екендігін ескертеміз (1-кесте. Вилана сортының морфологиялық көрсеткіштері, 6 см), (2-кесте. Вилана сорты жапырақтарының морфометрикалық ерекшеліктері, см)

Кесте – 1

Вилана сорты	Өсімдіктің биіктігі	Сабақтың ұзындығы	Тамырдың ұзындығы
соя №1	60,5±1,2	13,5±0,2	30,0±3,1
соя №2	62,5±2,3	16,5±0,9	32,3±1,5
соя №3	67,3±0,8	11,9±2,8	34,5±0,4
соя №4	59,2±4,5	11,5±3,7	31,7±0,6
соя №5	66,1±0,9	14,0±1,9	32,5±0,1
соя №6	71,4±0,7	18,0±0,2	29,0±3,7

Кесте – 2

Жапырақтар 1			Жапырақтар 2			Жапырақтар 3			Жапырақтар 4			Жапырақтар 5		
ағак	Ұзындығы	Ені	Сағак	Ұзындығы	Ені	Сағак	Ұзындығы	Ені	Сағак	Ұзындығы	Ені	Сағак	Ұзындығы	Ені
2	3,5	3	13	ЖЗ,5 Т	3,7 Ж 3,3 Т	16	6,8Ж 5,5Т	4,5Ж 4,3 Т	6,5	6Ж 5Т	3,7Ж 3,5 Т	-	-	-
1	3	3,5	13	5,5 Ж Ж 5,	4 Ж 3,7 Т	16,5	6 Ж5,5 Т	4,3Ж 4Т	14	7,8Ж 6,5 Т	5,5Ж 5Т	6,5	6 Ж 5 Т	3, 9 3
2, 5	4	3, 8	15	6 ЖЖ 5	4 Ж 3,5 Т	18	7Ж6, 7Т	4,5Ж 4,5Т	16, 5	8,5 Ж 8,7Т	5,5Ж 5Т	6	5,5Ж 5Т	3, 5 3, 5
-	-	-	8, 5	3,5 Ж 4	3 Ж2,8 Т	14	5,5Ж 4,5 Т	3Ж 3,5 Т	11	6,5 Ж 5,5 Т	4Ж 4Т	-	-	-
2	4	3, 5	12, 5	6 Ж 4,5 Т	4,5 Ж 3,5 Т	16	7 Ж 6 Т	4,5Ж 4,3Т	13, 5	7,5 Ж 6,5Т	5,4Ж 4,5Т	2,5	3 Ж 2,5 Т	2 1, 5
1	4	3, 4	9, 5	5,5 Ж 4,5 Т	4,4 Ж 3,5 Т	15	6 Ж 6 Т	4,7Ж 4,3 Т	16	8,4 Ж 7,9 Т	6,2Ж 5,7Т	12	8Ж 8Т	5 5, 5

Ескерту: Кестеде 24.05.2013. егістік жағдайында егілген, 09.07.2013 өлшеу жүргізілді. Ж-үшқұлақ жапырақтың жоғарғы, яғни, ортаңғы жапырағы, Т-төменгі, яғни, шеткі 2 жапырағы тең болғандықтан бір ғана өлшемі берілген.

Зерттеу барысында 1 өсімдікте 4 жапырақтардың дамығандығы байқалса, 2-өсімдікте гүлдену кезеңі басталған, 3,4 өсімдіктерде 5 жапырақтардың дамығандығы анықталған, 5 - өсімдікте гүлдердің және 5 жапырақтар пайда болған, 6-шы өсімдікте 6-шы жапырақтардың дамуы бақыланды. Анатомиялық құрылысын зерттеу үшін гүлдеу кезеңінің маңызы зор сондықтан фиксация жасалынып, анатомиялық құрылысы толық жан-жақты зерттелді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кобозева Т.П. Научно-практические основы интродукции и эффективного возделывания сои в Нечерноземной зоне Российской Федерации // Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора сельскохозяйственных наук. – Орел – 2007. – 42 с.
2. Krogdahl, A. Soybean proteinase inhibitors and human proteolytic en-zimes. Selective inactivation of inhibitors by treatment with human gastric juice / A. Krogdahl, H. Holm // J. Nutr. – 1981. – Vol. 111. – P. 2045-2051.
3. Игнатъев Б.К., Мякушко Ю.П. Возделывание сои на Северном Кавказе. – Соя. – Москва, 1963. – С.159-168.
4. Баранов В.Ф., Ригер А.Н., Лебедевский А.И. Соя. – Москва: Колос, 1984. –С. 207-222.
5. McBride J. High-tech soybean from «back-to-basics» breeding // 2000. – <http://www.ars.usda.gov/is/pr/2000/000327>.



6. Шевченко, Н.С. Результаты научно-исследовательской работы по сое в БелГСХА за 1996-2003 гг. / Н.С.Шевченко, В.П.Бахтин, С.И.Нерябов // Сб. статей координационного совещания, 8-9 сентября 2004 г. – Краснодар. – 2004. – С.218-222.

7. Ефимов, А.Г. Способы сева сои / А.Г. Ефимов, Уго Торо Корреа. – Соя. Биология и технология возделывания. – Краснодар, 2005. – С.230-236.

8. Лакин Г.Ф. Биометрия. - Москва:Высшая школа, 1990. – 352 с.

## РЕЗЮМЕ

*Курманбаева М.С., д.б.н., и.о. профессора, Абдукадирова Ж.А., PhD докторант  
Альмерекова Ш.С., преподаватель  
(г. Алматы., Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ЭФФЕКТ НА МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СОЕВОГО РАСТЕНИЯ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В лабораторных условиях по результатам фенологического наблюдения мы убедились в том, что у сорта сои Вилана скорость прорастания 90%, а по расчетам всхожесть достигла до 85%. При изучении морфологии было определено, что листья сорта сои Вилана крупные с тройчатыми листьями. В морфологическом строении стебля сои обнаружено несколько ребер. Стебель, листья и стручки сильно опущены, трихомы простые.

**Ключевые слова:** Соя, морфометрия, лист, морфологии, производительность.

## SUMMARY

*M.S. Kurmanbaeva, doctor boil.sci., acting professor, Zh.A. Abdugarimova, PhD,  
Sh.S. Almerikova, lecturer  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### EFFECT ON THE MORPHOLOGICAL FEATURES OF A SOYBEAN PLANT IN ALMATY REGION

In vitro by results of phenological supervision we were convinced that soy has speed of germination of 90%, and by calculations viability reached to 85%. When studying morphological structure was determined that the leaves of soybean varieties Vilana with large trifoliate leaves. In the morphology of the soybean stem found some different edges. Stem, leaves and pods have simple trichomes.

**Keywords:** soybean, morphometry, leaf, morphology, performance.

ӘОЖ 502.7:546.87:541

### ХИМИЯЛЫҚ ТЕРМОДИНАМИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘСІЛДЕМЕСІ

*Матаев М.М., х.ғ.д., профессор м.а.  
Абдраманова Ш.С., магистрант  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада химиялық термодинамика және ерітінділердегі тепе-теңдік курсының өту кезіндегі сондай-ақ, СӨЖЖ тапсырмаларын құрастыруда оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың негізгі мәселелері қарастырылған. Химиялық

термодинамика және ерітінділердегі тепе-теңдік пәнінде термодинамиканың (химиялық термодинамиканың I, II, III заңдарын, термохимияны), химиялық тепе-теңдікті, фазалық тепе-теңдікті, ерітінділерді (электролит және электролит емес) қарастырады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мен ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану студенттің өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайды.

**Түйін сөздер:** Оқу үдерісі, химиялық термодинамика, кредит, тесттік сұрақтар, химияны оқыту, әдістеме.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Білім беру жүйесін ақпараттандыру мен ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану студенттің өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз [1].

Қазақстан Республикасының білім беру стандартына сәйкес «химия» мамандығын бітіруші «оқу үрдісінде кездесетін нақты химиялық процестерде қолданылатын және оны түсіндіру үшін қазіргі ақпараттық үйретуші технологияларды меңгеруі қажет»; сондай-ақ «дәстүрлі сақтау құралдары мен ғаламдық интернет желісінің көмегімен алынған ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпараттарды іздей білуі қажет» және «қазіргі ақпараттық өнімдердің көмегімен компьютерде жұмыс істей білуге дағдылануы қажет» [2].

Әр сабақ барысында озық технологияларды қолдану білім алушылардың химиялық процестерді терең түсінуіне, оқытушының студенттердің білімін тереңдетуге кететін уақытының екі есеге қысқаруына, ал компьютерлік тестті пайдаланып, өтілген материалды меңгертуде әрдайым экспресс анализ жүргізіп отыруға мүмкіндік береді.

Озық технологиялар ақпараттық және демонстрациялық материалдар, сондай-ақ толық түсініктемелер мен түсіндірулермен қамтылған сұрақтар мен тапсырмалардан тұрады. Мұндай тәсіл оқыту процесінде жедел кері байланыс пен жеке ықпал етуді қамтамасыз етеді. Бүкіл курс бойынша дәстүрлі оқытумен қатар, компьютерлік технологиямен білім алған студент соңында ақпараттық технологияларды тек қана аудиториялық дәрісте ғана емес, қашықтықтан оқыту технологиясында да тиімді пайдалана алатын маман болып шығады [3].

Көптеген химиялық программалық өнімдердің негізінде компьютерлік оқу үлгісі жатқанын айта кету керек. Химиялық тәжірибенің компьютерлік үлгісі тікелей бақылау қиын процестерді зерттеуде маңызды рөл атқарады.

Жекелеп алғанда, компьютерлік модельдеу өте жай жүретін процестер мен жоғары жылдамдықпен жүретін реакцияларды көруге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялардың ең негізгі артықшылығы қопарылыс бере жүретін процестер, денсаулыққа зиянды улы заттар мен радиоактивті препараттардың қатысуымен жүретін реакцияларды бақылауға мүмкіндік бере алатындығы.

Кез келген педагогикалық үлгінің базисі әдістемелік жүйе болып табылады. Кез келген әдістемелік жүйенің мақсаты – оқу процесінің құрылымын анықтайтын, оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланып, жоғары білікті маман дайындау болып табылады. Бұл зерттеу жұмысымыз негізі маңызды құрамдас, процессуалды – іскерлік және бақылау - бағалау құраушы компоненттерінен тұрады. Зерттеудің мәні оқытушы мен студенттің іс-әрекетінің ақпараттық технологияларды пайдаланып, өткен дәріс барысының барлық кезеңдерінде: дәрістің жүру кезеңінде, бақылауды жүзеге асырған кезде, ғылыми- зерттеу жұмыстарын орындауға негізделеді.

Озық технологияларды пайдаланудағы негізгі формалардың ішінен ерекшелеу керек жағдайлар:

а) Компьютердің көмегімен өтетін дәріс – кәдімгі аудиторияда, жаңа материалды түсіндіруге көмектесетін презентациялық мүмкіндіктері бар бір ғана компьютерлік құрылғы мен өтетін дәріс;

ә) Электронды оқулықтарды, демонстрациялық және бақылаушы программаларды пайдаланып, компьютер класта өтетін дәріс;

б) Ақпараттық технология құралдарын ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалану;

в) Оқытудың ақпараттық технологиялық құралдарын пайдаланып өтетін аудиториядан тыс дәрістер.

Сондай-ақ, ақпараттық технологияларды оқытушылардың дәріске әдістемелік дайындықтарының – әдістемелік материалды таңдау және дайындау, қосымша ақпараттарды іздеу және жүйелеу, сонымен қатар педагогикалық ұжым жұмысын ұйымдастыруды атап айтуға болады [4].

Жоғары оқу орындарында жаңа материалды түсіндірудегі классикалық форма лекция екені белгілі. Соңғы жылдары әртүрлі ақпараттық технологияларды пайдаланып өтілетін лекциялар саны күрт өсті. Бұл ең алдымен техникалық базаның кеңеюімен және оқытушылардың ақпараттық деңгейінің жоғарылауымен байланысты. Мысалы, біздің университеттің өз кезегінде PowerPoint программасымен жасалған мультимедиялық презентация түріндегі лекция өтуге мүмкіндік беретін мультимедиялық проекторы бар, толығырақ айтсақ, «Президент аудиториясы» деп аталатын кабинеті бар.

Лекцияны демонстрация түрінде слайдпен өту оқыту процесінде ақпараттық технология құралдарын пайдаланудың алғашқы қадамы болып табылады. Дәрісті мультимедиялық проектормен өтуде дәстүрлі оқыту түріне қарағанда, оқытушы, жоғары көрнекілікті дәрежеге ие болады. Видеослайдқа материалдарды таңдау, демонстрациялық экранға енгізу, оған түрлі түстермен, дауысты және басқа да мультимедиялық әсерлер енгізу – оқытушының лекцияны оқудағы кездесетін элементтердің бірі болып табылады. Презентация түрінде берілген блок – схема, таблица, графика, атомның, молекуланың құрылысы, химиялық формула, жеке химиялық түсініктер жаңа материалды тез меңгеруге көмектеседі, сондай-ақ студенттердің белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, презентациялық материалды пайдалану оқытушыға бір дәрісте үлкен көлемді материалды түсіндіруге мүмкіндік алады.

Алайда, практика көрсеткендей, лекция кезінде презентацияға қарап отырып, анықтамаларды, формулалар мен басқа да ақпараттарды байыбына бармай жай ғана көшіруге ғана үлгереді. Осыған орай, көрсетілген видеоматериал мен лектордың баяндаған материалы арасындағы оңтайлы байланысты ұйымдастыру қажет.

Дәстүрлі көрнекі құралдармен (тақтадағы жазу, плакаттар, диапроекторға арналған слайд және т.б.) салыстырғанда видеослайдтар тек қана лекцияны оқуда ғана емес, студенттерге электронды нұсқасын беруде, университеттің базасына енгізуде, яғни олар ақпаратты сақтауға, жинақтауға, таратуға мүмкіндік береді.

Компьютердің көмегімен аудиторияда өтілген дәрістен бөлек, ақпараттық технология құралдарын пайдаланып, дәрісті жүргізудің бір формасы студенттерді компьютерлік класта оқыту. Компьютерлік класта электронды оқулықтарды пайдаланып, лекциялық сабақпен қатар, практикалық және лабораториялық дәрістерді жүргізуге болады.

Химия ғылымын тәжірибесіз елестету мүмкін емес, әрине. Барлық химиялық заңдар жалпы тәжірибенің нәтижесі арқылы дәлелденіп, бекітіледі. Сондықтан да, химияны оқыту процесінде ажырамас бөлік лабораториялық жұмыстарды жүргізу болып табылады.

Электронды лабораториялық жұмыстарды былай бөлетін болсақ:

- приборлы практикум, мұндай виртуалды лабораторияның негізгі белгісі – бұл приборларды білу және тәжірибеге сай құрастыру;

- креативті виртуалды лаборатория, білім алушының шығармашылық ойлауы мен дамуын қадағалайды;

- зерттеушілік лабораториялық жұмыстар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және жаңа білім алуға негізделген. Виртуалды лаборатория қиын, қымбатқа түсетін, өмірге қауіпті тәжірибелерді жүргізуге мүмкіндік береді және уақытты қысқартады. Электронды

оқулықтар мен виртуалды лабораторияларды пайдалану кешкі, сырттай және қашықтықтан оқытуда үлкен көмегін тигізеді. Сондай-ақ семестр көлемінде жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді [5].

Қазіргі уақытта біздің университетімізде студенттер кредиттік технология бойынша білім алууда. Оқытудың кредиттік технологиясы дәріс жүргізудің ақпараттық технология құралдарын пайдаланудың рөлі жоғары болып келетін жаңа формасын – СӨЖЖ (студенттің өзіндік жетекшімен жұмысы) қарастырып жатыр. СӨЖЖ жаңа білім алуға, алынған білім мен дағдыны жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін, өзін-өзі бақылау мен бақылауды жүзеге асыратын дәріс жүргізудің аудиториялық түрі.

Студенттердің өзіндік жұмысының маңызды бағыты ғылыми-зерттеу жұмыстары болып табылады. Студенттің ғылыми-зерттеу жұмыстары ең алдымен кәсіби білім мен дағдыға бағытталған. Студент алғашқы күндерден бастап өзінің теориялық білімін пайдаланып каталогтармен, жаңа технологиялардың мүмкіндіктерімен тиімді жұмыс жасай білуі қажет.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы мынадай мүмкіндіктерді береді:

- студенттің жеке және шығармашылық қабілеттері дамиды;
- студенттің танымдық белсенділігін арттырады;
- ұжыммен жұмыс істеуді үйренеді, алға қойылған мақсатқа жетуде электронды почтаны және интернет қызметтерін тиімді пайдаланады;
- ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Қазіргі кезде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде, яғни біздің университетте химия пәні бойынша мына мамандықтар оқытылады: 5B011200 – «Химия»; 5B060600 – «Химия».

Педагогикалық бағытта оқитын студенттер 3 курста «Физикалық химия» пәнін ҚР мемлекеттік білім стандартына сәйкес 3 кредит бойынша 135 сағат өтеді. Ал ғылыми бағыттағы студенттер 6 кредит бойынша өтеді. Оның 3 кредиті химиялық термодинамика және ерітінділердегі тепе-теңдік тарауына арналса, қалған 3 кредиті химиялық кинетика және электрохимия тарауына арналған. Сондай-ақ, «Химиялық термодинамика және ерітінділердегі тепе-теңдік» пәні жоғары оқу орындарында химия мамандықтарының төменгі курстарында (2 курс) мемлекеттік стандартқа сәйкес жүреді. Қазіргі уақытта «Химиялық термодинамика» пәніне стандартты бағдарламаға сәйкес, тақырыптар бойынша теориялық түсінік беріліп, семинар сабақтарында шығаратын есептер және есеп мысалдар келтіріліп және де студенттердің өздігінен шығаратын есебі мен сұрақтары қамтылатын электронды кейс бағдарлама жинағы құрастырылып, студенттерге сабаққа дайындалуға әдістемелік көмекші құрал болады. Бұл пәннен сондай-ақ, лабораториялық сабақтарда студенттер теорияны біле отыра оны, практика жүзінде тәжірибе жасауға нұсқаушы. Химиялық термодинамика және ерітінділердегі тепе-теңдік пәнінде термодинамиканың (химиялық термодинамиканың I, II, III заңдарын, термохимияны), химиялық тепе-теңдікті, фазалық тепе-теңдікті, ерітінділерді (электролит және электролит емес) қарастырады.

Тағы да айта кететін жайт, химиялық термодинамика пәнінің есептерін шығарумен қатар студенттер сарамандық жұмыстарды жасауда теориялық білімдерін практика жүзінде жетілдіріп, ой-өрістерін кеңейтеді. Бұл пән барлық химиямен, физикамен, математикамен тікелей байланыста болып, бірін-бірі толықтырып отырады. Студенттердің білімін тексеруде, бақылау жұмысында тест сұрағын компьютер арқылы қабылдау, көрнекі құралдар мен сурет, схемаларды, диаграммаларды, күрделі формулаларды электронды оқу құралымен көрсету және түсіндіруді бір жүйеге келтіру үшін студенттерге көп еңбек етуге тура келеді. Осыдан жаңа инновациялық технологиялар оқу жүйесінде студенттердің өздігінен жұмыс жасауында маңызды рөл атқаратынын байқауға болады [6].

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.«Қазақстан 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы. 12 желтоқсан

2012 ж.

2. Білім туралы. - Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. Алматы: Литер, 2000. - 6 б.

3. Мұратбекова А. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру / А. Мұратбекова // Білім - Образование. - 2008. - №3.

4. Тульбасова Б.К. Дидактические условия подготовки и переподготовки учителей по использованию информационных технологий обучения / Б.К. Тульбасова. – Алматы: НИЦ Гылым, 2003. – 150 с.

5. Татыбаев М.Қ. «Техникалық жоғары оқу орындарында жалпы химия курсы жаңа технологияны қолдану негізінде болашақ мамандыққа бағдарлап оқыту әдістемесі»: автореф. ... пед. ғыл. канд. – Алматы, 2006. – 23 б.

6. Матаев М.М., Абдраймова М.Р., Нұрбекова М.А. Химиялық термодинамика. Ерітінділердегі тепе-теңдік практикумы: Оқу құралы. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2012. – 12 – 49 б.

### РЕЗЮМЕ

*Матаев М.М., д.х.н., и.о.профессора, Абдраманова Ш.С., магистрант  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### МЕТОДИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ХИМИЧЕСКОЙ ТЕРМОДИНАМИКИ

В статье рассмотрены вопросы преподавания курса химической термодинамики и равновесия в растворах, а также применение инновационных технологии обучения при составлении задания для СРС.

**Ключевые слова:** учебный процесс, химическая термодинамика, кредит, тестовые вопросы, преподавание химии, методика.

### SUMMARY

*Матаев М.М., д.х.н., и.о.профессора, Абдраманова Ш.С., магистрант  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### THE TECHNIQUE OF USING NEW TECHNOLOGIES IN TEACHING CHEMICAL THERMODYNAMICS

In article are considered questions of teaching of a course chemical thermodynamics and balance in solutions, and the same application innovative technologies of training by drawing up a task for IWS.

**Key words:** learning process, chemical thermodynamics, loan, test questions, teaching chemistry technique.

ӘОЖ: 681.7; 612.461

### ТЕРМОПЛАСТЫ ПОЛИМЕРЛЕР НЕГІЗІНДЕГІ ЖЕЛІМДЕР

*Меңліғазиев Е.Ж., х.ғ.д., профессор  
Жайлаубек Г., студент  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада термопласты полимерлер негізінде алынған желімдер туралы жазылған. Желімдерді синтездік жолмен термопласты полимерлерден алу кезінде көптеген



физикалық және химиялық процестердің жүретіні туралы, оған сыртқы күштердің, күн сәулесінің, радиацияның, химиялық реагенттердің әсері толығымен көрсетілген. Сондай-ақ термопласты полимерлер негізіндегі желімдерді полиэтилен, полиизобутилен, политетрафтоэтилен, поливинилхлорид гомо- және сополимерінен, поливинилспирт және оның туындыларынан, поливинилацетаттан, диметилвинилэтинилкарбинол форполимерінен, винил эфир полимерлерінен, акрил және метакрилқышқылдарының туындыларынан, полиамидтерден, полибензимидазолдардан, полиимидтерден, полихлоропреннен, каучуктерден (бутадиен-нитрилді, бутадиен-стиролды, циклденген, хлорланған, гидрохлорлаған, карбоксильді, полисульфидті) алынатындығы, соңғы желімді затты, термопласты полимерлерден алу жолдары термореактивті полимерлер негізінде алынған желімдерге ұқсас, тек акрил қышқылы полимерлер негізінде желім алынғанда жүйеге қос байланыс активтілігін шектеу үшін ингибитор қосу мәселесін қарастырылған.

**Түйін сөздер:** желімдер, полиэтилен, полиизобутилен, термопласты полимерлер

Термопласты полимерлер негізіндегі желімдер. Термопласты полимерлердің қасиеттері қыздырған кезде ақырындап, өзгеріп (полимер тізбектеріндегі мономер буындар саны әртүрлі болғанына байланысты), белгілі бір температураға жеткенде тұтқыраққыш күйге ауысады. Олардың тізбек буындарының балқуы негізінен молекулалық салмақтарынан әртүрлі болуынан, тізбек аралық күштер әрекетінің үзілуінен, азаюынан және буын молекуласының кинетикалық энергиясының артуынан болады. Сұйылтылған, балқытылған термопласты полимерді суытқанда кері өзгеріс байқалады, жүйе сұйық қалпынан қайтадан қоймалжың, қою қатты күйіне ауысады.

Осындай өзгерістер кезінде полимердің химиялық табиғаты, қасиеті өзгермейтін болғандықтан, балқыту және салқындату процестерін бірнеше рет қайталауға болады.

Термопласты полимерлер негізіндегі желімдерді полиэтилен, полиизобутилен, политетрафтоэтилен, поливинилхлорид гомо-және сополимерінен, поливинилспирт және оның туындыларынан, поливинилацетаттан, диметилвинилэтинилкарбинол форполимерінен, винил эфир полимерлерінен, акрил және метакрилқышқылдарының туындыларынан, полиамидтерден, полибензимидазолдардан, полиимидтерден, полихлоропреннен, каучуктерден (бутадиен-нитрилді, бутадиен-стиролды, циклденген, хлорланған, гидрохлорлаған, карбоксильді, полисульфидті) алынады.

Соңғы желімді затты, термопласты полимерлерден алу жолдары термореактивті полимерлер негізінде алынған желімдерге ұқсас, тек акрил қышқылы полимерлер негізінде желім алынғанда жүйеге қос байланыс активтілігін шектеу үшін, ингибитор қосу мәселесін есте ұстаған жөн. Полиэтилен негізінде желімдер. Полиэтилен, полярсыз, желімділік, ілісушілік (адгезиясы) қасиеті төмен полимер екені белгілі. Әйтседе, оны алюминий құймаларын бір-біріне желімдеу үшін қолдануда. Алюминий пластинкаларын бір-біріне желімдеу кезінде полиэтилен балқу процесі кезінде ауадағы оттегінің қатынасуының әсерінен оттекті қосылыстар түзуі мүмкін. Сол қосылыс алюминий пластинкаларындағы оксидті қабыршақтармен байланысады.

Полиэтилен қабыршақтарында (пленкасында) пайда болған оттекті қосылыстар оған адгезиялық қасиет беріп, алюминий пластинкаларын желімдеуге көмектеседі. Бұдан полиэтилен қабыршақтарындағы карбоксильді (-COOH), спиртті (-OH) және карбонильді (-C=O) топтардың пайда болуы, оларға желімдік қасиет және үлкен адгезиялық мүмкіншілік туғызады.

Полиэтиленнің алюминий фольгасына адгезиялық мүмкіншілігін арттыру үшін оны құрамында көптеген функционал топтары бар полиглицидилметакрилатпен, жоғарыда айтылғандай, модификациялауға (түрлендіруге) болады.

Полиэтиленді атактикалық құрылымы бар полипропиленмен, малеин ангидридті немесе капролактамы қоспаларымен модификациялау нәтижесінде де төменгі температурада қатаятын желім алу мүмкіншіліктері бар екендігі анықталды. Бұл желімдер көбінесе аяқ киім өндірісінде қолданыс табуда. Желімдік қасиетті этиленнің басқа



сополимерлері, мысалы винилацетат оның карбонсильденген туындылары көрсететіні анықталды [1].

Полиизобутилен негізіндегі желімдер. Полиизобутилен, молекулалық салмағы 3000-8000 аралығында жабысқыш (липкий) лента және қағаз алу үшін қолданылса, молекулалық салмағы 200000 аралығындағы полимер каучуктерді және линолеумді желімдерге пайдаланылады.

Каучуктерді және полиизобутилен полимерлерін металға жабыстыру, желімдеу үшін олардың құрамына битумдар (жұмсақтану температурасы  $60^{\circ}\text{C}$ ) қосса, ал бетондарды желімдеу үшін 200000 мың молекулалық салмағы бар полиизобутиленнің күйе немесе графитпен қоспасы қолданылады.

Өндірісте бүгінгі таңда полиизобутиленнің 21-24%-тік бензиндегі ерітіндісі, ПСГ-200 маркасымен шығарылады. Олар көбіне жасанды каракуль алуда пайдаланылады.

Политетрафторэтилен негізіндегі желімдер.

Қатты, блокты политетрафторэтиленнің (фторпласт-4 деп аталады) адгезиялық қасиеті төмен болғандықтан одан желім алынбаса да, оның қабыршақ (пленка, фторпласт-4) полимерін болаттан (сталь) жасалған заттарды желімдеуге қолданылады. Желімдеу процесіне жүйе қысымы, полимер балқу температурасы ( $420-430^{\circ}\text{C}$ ) әсер ететіні дәлелденді. Қабыршақтың қалыңдығы 0,1 мм-ден аспаған жөн.

Винилхлорид полимері мен сополимері негізіндегі желімдер. Поливинилхлорид көптеген органикалық еріткіштерде ерімейді. Сол себепті оның негізінде полимер сополимерлер, күнделікті жағдайда аздап қана қолданыста болады. Олар көбінесе пластмассалы заттарды және аяқ киім өндірісінде пайдаланылады.

Поливинилхлорид құрамында бар полимерлер тетрагидрофуранда, ацетон мен бензол қоспасында және трихлорэтилен еріткіштерінде ериді.

Перхлорвинилді шайыр, басқаша хлорланған винилхлорид (буындағы хлор атомының мөлшері 64-66%) кетонда, хлорбензолда, бутилацетатта, дихлорэтанда жақсы ериді және адгезиялық қасиет көрсетеді. Бұл заттар тері және одан жасалған заттарды желімдеуде пайдаланылады.

Перхлорвинильді шайырды дибутилфталатпен қатыру нәтижесінде ПВ-16, ал эпоксидті шайыр ЭД-15 және дибутилфталатпен әрекеттесу нәтижесінде ПК-10 маркалы пластмассалы заттарды металдарға, фанераға желім ретінде қолданыс тапты.

Желімдегіш қасиетті тек перхлорвинильді шайырлармен қатар поливинилхлоридтің винилацетатты сополимері де көрсетеді.

Поливинил спирті және оның туындылары негізіндегі желімдер. Бензинге, керосинге, көптеген минералды майларға төзімді, қағазды және кездемелерді желімдеуге пайдаланатын желімді поливинилацетат гидролизінен алынатын поливинил спирті қолданылады. Жеке бөлінген полимер, суда жақсы еритін, ақ ұнтақ күйінде болады. Поливинил спиртінің суда ерігіштігі оның тізбек құрамындағы гидроксил тобының мөлшеріне байланысты. Мысалы, 5%-ды гидроксил тобы бар поливинил спирті спиртті суда ерімесе, 20%-сы жартылап, ал 40%-сы қалдықсыз ериді.

Поливинилацетат негізіндегі желімдер. Полимерлену әдістеріне байланысты поливинилацетаттың қатты және қоймалжың, спиртте, кетонда, сірке қышқылында жақсы еритін, полимерлері белгілі. Поливинилацетат полимері түссіз, мөлдір, иіссіз, күн сәулесіне төзімді,  $130^{\circ}\text{C}$  аса температурада аса ыдырап сірке қышқылын түзетін, тері, қағаз, маталарды, әйнекті, ағаштан жасалған заттарды және металдарды бір-біріне желімдей алатын зат.

Поливинилацетат полимер желімдері үш түрге бөлінеді: ерітіндідегі желім, еріткішсіз желім және эмульсиялы желімдер.

Еріткіш құрамында бар желімдерді поливинилацетаттың метил немесе этилацетаттағы, ацетондағы, толуолдағы тағы басқа да еріткіштердегі ерітіндісін айтады. Олардың құрамында желімнің мөлшері 25-тен 70% аралығында болады. Мысалы УФ-235 маркалы поливинилацетатты оның спирттегі және циклогексанондағы ерітіндісінде алады.

## Поливинилацетат негізіндегі кейбір шетелдік желімдер

№	Желім маркасы	Еріткіш	Мөлшері, %
1.	Полико 346 LV	Метил спирті	60
2.	Полико 514 W	Ацетон	60
3.	Гельва V-7-M-50	Метил спирті	50
4.	Гельва V-55-E-34	Этил спирті	34

Құрамында ұшатын еріткішсіз желімдер. Бұндай желімді алу үшін поливинилацетаттың кіші молекулалы қосылыстарының винилацетат мономерлеріндегі ерітіндісі. Бұл ерітіндіге бос радикал беретін активті рдеагенттер (инициатор) қосылады. Желімдеу процесі кезінде инициатордың әсерімен еріткіш рөлін атқарған мономер полимерлену процесіне түсіп, жүйе қатайды.

Эмульсионды сулы желімдер поливинилацетаттың молекулалық салмағы 5000-10000 аралығындағысы қане, адгезиялы қасиет басым қолданылады. Эмульсионды сулы желім қоспасында полимер мөлшері 35-60% аралығында болады.

Бүгінгі таңда эмульсионды су желімдер негізінде БК-1 (крахмал қосылған). БК-2 (карбоксилметил целлюлозаның натрийлы тұзы қосылған) маркалы желімдер шығарылды. АҚШ-та эмульсионды желімдердің Гельва, Винак, Полико, Дарекс, Винрец, Неовак, Резин, Флексак, CL-102, WC-135, флексобонд, эверфлекс VX-551 маркалы туындылары шығарылып әртүрлі жерлерде қолданыс табуда.

Теріні, маталарды, кездемелерді, қағаздарды желімдеу үшін, Алманияда Мобилит Д-32 маркалы құрамында 0,5-2.0%-ды целлюлоза нитраты бар желім алынды. Құрамында винилацетаттың (14%), винилхлоридтің (85%) және малеин қышқылының (1%) үштік сополимер негізінде әйнектерді және металдарды желімдей алатын желім алынып, өзінің өмірде орнын табуда [2].

Диметилвинилэтинилкарбинол негізіндегі желімдер. Карбинолды желім (немесе диметилвинилэтинилкарбинол) форполимер құрамы: карбинолды сироп (тұрақтандырылған)-100, бензил асқын тотығы 3, портландыцемент 400 маркалы-50, ацетон техникалық-15 карбинолды сироп мономерді 60-65<sup>0</sup>С, вакуумде қыздырған кезде пайда болады. Кейбір жағдайда жоғарыда аталған цемент орнына гипс, мырыш оксиді, асбест және ұнтақталған метилл түйіршіктерін пайдаланды.

Енді осы карбинолды сироптан екі әдіспен карбинолды желім алынды.

Бірінші әдіс бойынша сиропты бензиол пероксидімен ацетон ерітіндісінде араластырып, 50-53<sup>0</sup>С температурада 2,5-3 сағат аралығында қыздырамыз. Жүйе тұтқырлығы белгілі жағдайға жеткенде ерітінді температурасын 20-25<sup>0</sup>С-қа дейін төмендетеміз. Осыдан түзілген қоймалжың затты карбинолды сиропты 5-10<sup>0</sup>С аралығында күн түспейтін жерде сақтаймыз.

Екінші әдіспен карбинолды сиропты-бензоиль асқын тотығын, цементпен (кейбір жағдайда цементсіз) 18-25<sup>0</sup>С аралығында 30-40 минут ұстаймыз, содан соң жақсылап араластырамыз.

Енді осы алынған қоймалжың желіммен керекті заттарды желімдеу үшін жүйені 15-30<sup>0</sup> С-та 24-30 сағат және 60-70<sup>0</sup> С-та қыздырады желім суыққа және ылғалдылыққа әлсіз екенін, ал микроорганизмдерге және минералды майларға төзімді екенін көрсетті.

Акрил және метакрил қышқылдар туындылары негізіндегі желімдер

Көптеген желімдер құрамына енетін композициялық заттардан акрил, метакрил қышқылдар полимерлерін және олардың эфирлерінің болатынын айтқан жөн. Акрил және метакрил қышқылдарының эфирлерінен полимерлерінен алынған желім мөлдір, түссіз, сұйық және қатты болып келеді.

Олардың кейбіреулерін целлюлоза нитратымен, этилцеллюлозамен, хлорлы каучукпен, винилхлоридтың винилацетатпен, сополимерімен немесе фенолды шайырлармен араластыру нәтижесінде алады. Желім негізінде аталған қышқылдар туындылар негізінде мономерлерді инициатордың қатысуымен полимерлендіру кезінде пайда болатын полимерлерден түзіледі немесе аталған мономерлер полимерлерінің ерітіндісінен жасайды.

Мысалы, термопласты полимерлерден жасалған бұйымдарды желімдеу үшін полиметилметакрилаттың (молекулалық салмағы белгілі) дихлорэтан немесе құмырсқа қышқылындағы ерітіндісі пайдаланылады. Бұл желімнің кемшілігіне, желімденіп жатқан термопласты материалдар бетіне, мономердің немесе еріткіштің әсерінен өте кішкенай сызықты шытынау (микротрешина) беруі мүмкін. Акрил қышқылдарының метильді, этильді немесе бутильді эфирлерінің полимерлерінен қабықша (пленка) алуға және оны силикатты әйнектерді желімдеуде қолданады.

Полибутилметакрилаттың (40 мөлшері) бутилакрилаттағы (60 мөлшері) ерітіндісіне (50 мөлшері) кварц ұнтағын, бензоил пероксидінің белгілі мөлшерін және диметиланилин қосып қыздыру нәтижесінде К-809 маркалы дымқылды ауада төзімділік көрсететін  $80^{\circ}$  С-тан жоғары температураға шыдамсыз желім алынды.

Бутилметакрилат (95%) және метакрилат қышқылы (5%) сополимерінің ацетондағы ерітіндісіне цемент, бор немесе алебастр, диазобазалық ұнтақ қосу нәтижесінде БМК-5 маркалы желім алынды.

Алебастр немесе бор қосылған желім металдарды коррозияға ұшыратады.

Акрил немесе метакрил туындыларының метакрил немесе акрил қышқылдарымен сополимерлері алюминий құймаларына, мыс және басқада метал атомдарына жоғары адгезиялық қасиет көрсетеді.

Полиметилметакрилатты полифункционалды метакрил қышқылдардың туындыларымен (МГФ-9) араластыру нәтижесінде алюминий құймаларынан жасалған бұйымдарды бір-біріне желімдеуге ПК-5 маркалы желім пайдаланды.

Бутил, метилді метакрил қышқылдарының сополимері негізінен алынған бутакрил желімі медицина және тамақ өнеркәсібінде пайдаланатын аппараттар тетіктерін бір-біріне желімдеу үшін пайдаланады.

Метилметакрилат, этилакрилат және глицидилакрилат үштік сополимеріне ароматты полиизоцианаттарды (полиметилен полифениленизоцианат)  $120^{\circ}$  С аралығында қосу (араластыру) нәтижесінде металдарды, шыныны, ағаштан жасалған бұйымдарды, резинаны, пластикалық материалдарға қажетті желімдер алынды.

